



ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ

ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ



Аттестаттау – педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санаттары беріледі (расталады).



«Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы» (ақпараттандыру нысаны) (бұдан әрі – Платформа) – педагогтің кәсіби қызметі туралы деректерді жинауды және өңдеуді қамтамасыз ететін **білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымның платформасы**.



Сараптамалық кеңестің материалдарды (портфолионы) қарауы алынып тасталады.



Педагогтер, әдіскерлер
басшылардың орынбасарлары

«Педагог мәртебесі туралы»
Қазақстан Республикасы
Заңының [15-бабының](#) 1-тармағы
3) тармақшасына сәйкес

кемінде бес жылда **бір рет**

өткізіледі.



Білім беру ұйымдарының,
әдістемелік кабинеттердің
(орталықтардың) **басшылары**

«Білім туралы» Қазақстан
Республикасы Заңының 44-
бабының 5-тармағына сәйкес

үш жылда **бір рет**

өткізіледі.

26 б. Педагог, әдіскер, басшы орынбасарының біліктілік санатының қолданылу мерзімі - **5 жыл**,
басшылар - **3 жыл**.

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары



Аттестаттау компоненттері

1. Біліктілікті бағалау
2. Педагогтің білімін бағалау (ПББ)
3. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау

5-т.

Педагогтерді аттестаттау кәсіби стандартқа және біліктілік сипаттамаларына сәйкес **өту мерзімдері мен біліктілік санатының реттілік қағидатын** сақтай отырып жүзеге асырылады

6-т.

"Педагог-тағылымдамашы" санаты лауазымға тағайындалған кезде **бір жылға** белгіленеді. Бір жыл өткеннен кейін өтініш негізінде басшының бұйрығымен **"педагог" санаты** беріледі.

"Педагог" Санаты бір рет беріледі.

** ПББ тапсыру талап етілмейді.*

63-т.

Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге кезекті **аттестаттаудан кейін кемінде 2 (екі) жыл өткен соң** жол беріледі.

12-т.

Аттестаттауға **бірінші рет қатысатын** басшы, басшының орынбасары ПББ нәтижелері мен қызметінің кешенді қорытындысы негізінде **санаттардың кезектілігін сақтамай** біліктілік санатын алу үшін өтініш бере алады.

10-т.

Материалдар (портфолио) сәйкес болған кезде педагогтер біліктілік бағалаудан, ПББ және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді:

«екінші санат» - «педагог-модератор», «педагог-сарапшы»

«бірінші санат» - «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші»

«жоғары санат» - «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» немесе «педагог-шебер»

2-тарау. 1-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі



15-т.

Платформа арқылы - «педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санатына

электрондық үкіметтің веб - порталы (бұдан әрі – портал) арқылы - «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшы», «үшінші санаттағы басшы орынбасары», «екінші санаттағы басшы орынбасары», «бірінші санаттағы басшы орынбасары» біліктілік санатына

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінен

***ПББ сертификатын ұсыну алынып тасталды**

**ҰТО кестесіне сәйкес өтуіне қарай ұсынылады*

2-тарау. 2-параграф. Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызмет түрлері



19-т. Педагогтердің материалдарын(портфолиосын) қарау

Аттестаттау комиссиялары біліктілік санаттарының деңгейіне сәйкес педагогтердің материалдарын (портфолиосын) қарайды:

1) **білім беру ұйымдарында** - «педагог-модератор»;

2) **ауданның (қаланың) облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органында:** «педагог-сарапшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы»

3) **облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органында:** «педагог-зерттеуші»

«бірінші санатты басшының орынбасары»

«бірінші санатты басшы»

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) үшін:

«педагог-сарапшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы»

4) **білім беру саласындағы уәкілетті органның жанынан:**

* «педагог-шебер»

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар), салалық мемлекеттік орган ұйымдары үшін:

«педагог-сарапшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы»

** Оның ішінде әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері де бар*

2-тарау. 2-параграф. Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызмет түрлері



20-т. Аттестаттау комиссиясының құрамы

7 жыл өтілі бар педагогтар және біліктілік санаттары:

- «педагог-сарапшы» (білім беру ұйымы деңгейінде)
- «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер», **үшінші, екінші, бірінші санаттағы басшының орынасарлары мен басшылар**

Әдіскерлер, кәсіби қоғамдастықтардың, қоғамдық, үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының, білім беруді басқару органдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері

Комиссияның өкілеттілігі қолданыста болған кезеңде білім беру ұйымы **Комиссиясының құрамына осы білім беру ұйымында аттестатталатын педагогтер** кірмейді.



21-т. Комиссия мүшелері тақ саннан **(7-ден (жетіден))** кем емес) тұрады.

Комиссия төрағасы бірінші отырыста қарапайым көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Дауыстар тең болған жағдайда қайта дауыс беру жүргізіледі. Комиссия төрағасы бір жыл мерзімге сайланады. Қайта сайлауға қатарынан бір реттен артық емес рұқсат етіледі. Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына алмасу құқығынсыз қатысады.

22-т. Комиссияның отырысы, егер оның құрамының **кемінде үштен екісі қатысса, заңды** деп есептеледі. Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады.

Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

24 -т. КОМИССИЯ КЕЛЕСІ ШЕШІМДЕРДІҢ БІРІН ҚАБЫЛДАЙДЫ

1. Мәлімделген біліктілік санатына **сәйкес келеді**

2. Мәлімделген біліктілік санатына **сәйкес келмейді**



қолданыстағы біліктілік санаты сақталады немесе қолданыстағыдан төмен біліктілік санаты беріледі



портфолио мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келген, бірақ ПББ шекті деңгейге жетпеген жағдайда **ПББ нәтижелерінен жоғары емес** біліктілік санаты беріледі



мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде мәлімделген біліктілік санаты сәйкес келмеген жағдайда қолданыстағы біліктілік санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады

2-тарау. 2-параграф. Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызмет түрлері

29-т.

Толықтырылды

Санаты 2 жылға сақталатын жағдайлар:

- өндірістен қол үзіп жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу немесе мамандық бойынша тағылымдамадан өту;
- әскери қызметті өткеру кезінде.

Жұмысқа шыққаннан кейін педагог тиісті құжаттарды қоса бере отырып, **біліктілік санатын сақтау туралы өтініш береді.**

Педагогтің өтініші негізінде білім беру ұйымының бірінші басшысы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде біліктілік санатын сақтау туралы бұйрық шығарады.

30-т.

Жасы бойынша зейнеткерлікке төрт жылдан аз қалған педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Педагогтердің қолданыстағы біліктілік санаты өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес аттестаттаудан өтеді.

32-т.

Толықтырылды

Аттестаттау рәсімінен өтпей

Комиссия **«педагог-модератор»** біліктілік санатын береді:

- Президенттік кадр резервіне кірген педагогтерге
- Nazarbayev University, «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға ұсынылған тізімге кіретін шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне
- **білім беру ұйымдарына білім беруді басқару органдарынан, білім беру саласындағы уәкілетті органнан, біліктілікті арттыруды ұйымдарынан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан ауысқан педагогтерге**
- **ғылым кандидаты/ докторы немесе PhD докторы дәрежесі бар педагогтерге**
- **Celta немесе Delta сертификаты бар педагогтерге**

2-тарау. 2-параграф. Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызмет түрлері



34-т.

Толықтырылды

Білім беру ұйымының басшысы немесе басшысының орынбасары лауазымына тағайындалған кезде Комиссияның шешімі бойынша «бірінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатын аттестаттау рәсімінен өтпей беріледі:

- білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және кадр резервіне кірген педагогтерге;
- білім беруді басқару органдарынан, білім беру саласындағы уәкілетті органнан білім беру ұйымына ауысатын және мемлекеттік қызмет лауазымдарында кемінде 5 (бес) жыл өтілі бар адамдарға.



36-т.

Толықтырылды

Басшының орынбасары лауазымына немесе керісінше тағайындалған педагогтерге (біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес) біліктілік санаты теңестіріледі және біліктілік санатының қолданылу мерзімі екі жылдан аспайтын мерзімге сақталады:

- «педагог-сарапшы» - «үшінші санаттағы басшының орынбасары»;
- «педагог-зерттеуші» - «екінші санаттағы басшының орынбасары»;
- «педагог-шебер» - «бірінші санаттағы басшының орынбасары».

2-тарау. 3-параграф. Педагогтердің білімін бағалауды жүргізіу талабы мен шарттары



38-т. ПББ– 50 тапсырма

мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін:

«Бейіні бойынша әдістемені білу, мектепке дейінгі педагогика және психология»

бастауыш, орта білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім»

арнайы ұйымдардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-психологтары, педагог-ассистенттер, әлеуметтік педагогтер, кәсіби бағдар берушілер, тәлімгерлер үшін:

«Педагогика және психология негіздері»

арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін:

«Бейіні бойынша пәндік білім»

ТжОБКББ ұйымдары (оқу-өндірістік комбинаттар) үшін:

- жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері:

«Пәндік білім»

- басқа лауазымдардың педагогтері үшін:

«Педагогика және психология негіздері»



Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары:

«Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білу» бағыты бойынша – 60 тапсырма

әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, бөлімдердің (бөлімшелердің, бөлімнің, сектордың, кабинеттің) меңгерушілері (басшылары) үшін:

«Оқыту әдістемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерін білу» – 50 тапсырма.

«педагог»	50%
«педагог-модератор»	60%
«педагог-сарапшы»	70%
«педагог-зерттеуші»	80%
«педагог-шебер»	90%

Басшылар мен орынбасарлар – білім беру саласындағы заңнаманы және НҚА-ны білу
70%



Кезекті аттестаттау кезінде педагогтер, басшылар және басшының орынбасарлары:
жылына 1 рет – тегін, 1 рет-ақылы негізде

2-тарау. 3-параграф. Педагогтердің білімін бағалауды жүргізіу талабы мен шарттары

46-т. Бұзушылықтар фактісі анықталған кезде, сондай-ақ **біліктілік санатын беруге (растауға) өтініш уақтылы берілмеген кезде комиссияның шешімі бойынша педагогке бір жыл мерзімге қолданыстағы деңгейден бір деңгейге төмен біліктілік санаты беріледі.** Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен реттілік қағидатына сәйкес біліктілік санатын беруге (растауға) жүргізіледі.

ПББ жүргізу қағидаларын бұзу фактісі қайта анықталған кезде Комиссияның шешімі бойынша біліктілік санаты беріледі:

педагогке, бөлімнің (бөлімшенің, сектордың, бөлімнің) басшысына (меңгерушісіне), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскеріне – «педагог», білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасарына – бес жыл мерзімге «басшы орынбасары» санаты беріледі;

білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысына – үш жыл мерзімге «басшы» санаты беріледі.

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен бірізділік қағидатына сәйкес біліктілік санатын беруге жүргізіледі.

57-т.

Барлық лауазымдардың педагогтері келесі жағдайларда ПББ тапсырудан босатылады және қызметінің нәтижелерін кешенді қорытындылаудан өтеді:

- 1) қолданыстағы жүйе бойынша бұрын берілген біліктілік санатын **растаған жағдайда** 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар;
- 2) «бірінші» немесе «жоғары» біліктілік санаты бар педагогтер «педагог-модератор» біліктілік санатына **берген кезде**;
- 3) «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санатын қатарынан екі реттен артық емес **растаған жағдайда**.

2-тарау. 4-параграф. Қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтаудан өтізу тәртібі



58-т. Комиссия қаңтар мен тамыз аралығында педагогтердің құжаттарын (портфолиосын) қарайды.

60-т.

«Педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санатына берген педагогтің материалдары (портфолиосы) Платформада әртүрлі дерекқорлардан құжаттарды (мәліметтерді) жинау және өңдеу арқылы қалыптастырылады.

Платформада әр түрлі дерекқорлардан жинақталатын цифрланған мәліметтер немесе құжаттар (мәліметтер) жетіспеген жағдайда білім беру ұйымының басшысы бұйрығымен тағайындалған жауапты тұлғасының деректерді қолмен енгізуіне жол беріледі.

Комиссия педагогтің материалдарына (портфолиосына) өзгерістер немесе толықтырулар енгізе алмайды.

62-т.

Комиссия педагогтің материалдарын (портфолиосын) қарау кезінде білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымның **дерекқорында ұсынылған деректерде ПББ сертификатының сәйкестігін тексеруді** жүзеге асырады.

Материалдарды (портфолионы) қалыптастыру кезінде дәйексіз мәліметтер беру фактісі анықталған жағдайда, педагог, бөлім басшысы (меңгерушісі), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары бес жылға аттестаттаудан өтуге жіберілмейді, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы – үш жылға жіберілмейді, бұл ретте педагогтердің **біліктілік санаты «педагог», «басшы», «басшының орынбасары» санаттарына дейін төмендетіледі.**

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда анықталған тәртіппен бірізділік қағидатына сәйкес біліктілік санатын беру (растау) үшін жүргізіледі.

59-1-бап. Білім беруді басқару органдарына қатысты мемлекеттік бақылау 16) білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған қағидалар мен шарттарға сәйкес педагогтерді аттестаттаудан өткізу және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібін сақтау.

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III.

1-параграф. 10-тарау. Басшы орынбасары

Лауазымдық міндеттері: педагог кадрларды іріктеуге және орналастыруға қатысады.

Педагогтерді аттестаттауға дайындауға және өткізуге қатысады.

Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығымен бекітілген)

2-тарау. 5-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі



63-т.

Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге кезекті аттестаттаудан кейін **кемінде 2 (екі) жыл өткен соң** жол беріледі

1) «педагог-сарапшы» - педагог **кем дегенде 4 талапқа сай болуы** керек

толықтырылды

- инновациялық алаңның немесе жобаның басшысы болып табылады (әдіскерлер үшін)

2) «педагог-зерттеуші» - педагог **кем дегенде 5 талапқа сай болуы** керек

- инновациялық алаңның немесе жобаның басшысы болып табылады (әдіскерлер үшін)
- білім беру саласындағы уәкілетті орган ұсынған басылымдарда зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі негізінде жарияланым (әдіскерлер үшін)

3) «педагог-шебер» - педагог **кем дегенде 6 талапқа сай болуы** керек



64-т.

Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) **бірінші басшысына, басшысының орынбасарына** біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге жол беріледі

мәлімделетін біліктілік санатына сәйкес қызмет нәтижелеріне 2 (екі) жыл ішінде үздіксіз қол жеткізген жағдайда.

- *Аттестатталушының қызметінің нәтижелерін таныстырумен әңгімелесу өткізілмейді.*

АТТЕСТАТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ – 2025

01

Өтініш беру	«Педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санаттарына педагогтердің материалдарын (портфолиосын) жүктеу: - «Ұстаз» платформасы	14 наурызға дейін аттестаттауға өтініштерді қабылдау 1 сәуірге дейін
	- электрондық үкіметтің веб - порталы	31 мамырға дейін
Педагогтің білімін бағалау(ПББ)	1. ПББ ҰТО кестесіне сәйкес жүргізіледі	СӘУІР 1-5 өтініштерді қабылдау, 7-17-тестілеу 15-20-өтініштерді қабылдау, 18-25-тестілеу
	2. ПББ сертификатын ұсыну/ жүктеу	1 шілдеге дейін
Аттестаттау комиссиясының жұмысы	Қызмет нәтижелерін кешенді жалпылау шеңберінде материалдарды (портфолионы) қарау, сабақтарды бақылау. Аттестаттау комиссиясының хаттамасын қалыптастыру	1 тамызға дейін

02

03